

Қ. Садықбеков

ф.ғ.к., доцент

Сүлейман Демирел атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан
kurmansad@mail.ru

Тіл тарихы қашанда ұлт тарихымен астасып, сабақтасып жататыны белгілі. Қазақ тілінің тарихы да көне түркі халықтарының тілімен, тарихымен және сол халықтардың өмірімен, өркениет және мәдениетімен тығыз байланысты. Түркі тілдерінің, әсіресе қыпшақ тобына кіретін қазіргі қазақ тілінің тарихын оқып-біліп, зерттеуде, олардың тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен тарихи лексикологиясын жазуда және әр тілдің өзіне ғана тән қыр-сырын ашуда орта ғасыр қыпшақ, соның ішінде саны мен сапасы жағынан да өзгелерінен анағұрлым көп, әрі биік тұратын мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерінің алар орны ерекше. Бұл кезең жазба мұраларының бір қатары қазақ ғалымдары тарапынан зерттеліп, материалдары ғылыми айналымға түсіп те үлгерді. Дегенмен халқымыздың тарихы мен мәдени өміріне қатысты бұл жазба ескерткіштердің бір бөлігі тек ғылыми әдебиеттерде аты аталуымен ғана шектеліп келсе, үлкен бір шоғыры тіптен белгісіз күйде калуда. Осы мақаламызда әлі күнге дейін қазақ ғылымына беймәлім болып келе жатқан, қазірде шетелдердің түрлі кітапханаларында сақтаулы тұрған баға жетпес құнды жәдігерліктеріміздің бір тобы жайында зерттеуші қауымға хабар беруді жөн көріп отырмыз. Ең алдымен қыпшақтар жөнінде, соның ішінде мәмлүк қыпшақтары жайында да бірер ауыз сөз айта кетейік.

Алғаш 1909 жылы Моңғолия саяхаты барысында Рамстедттің Селенга өзенінің оңтүстігіндегі Могон Шине Усу (Мойун-чур) ойпатынан тапқан Ұйғыр қағанатының негізін салушысы Елетмиш қағанның (747-757) моласының басына қойылған эпитафиялық ескерткіште «Түрк қыбчак елиг йыл олурмыш» деген сөйлемде ұшырасатын «Қыбчак» этнонимі араб-парсы жазбаларында «Қыфчак», орыс жылнамаларында «Половец», латын және Европа тілдерінде «Куман» сияқты түрлі атаулармен кездессе, немістер «Фалбен», Мажарлар «Кун», Армяндар «Хартес» деген атаулармен атағаны белгілі. Зерттеу еңбектерінде қыпшақтардың негізінен кейінен бірігіп кеткен екі түрік тайпасынан құралғаны айтылады [1, s. 16; 2, s. 1]. Араб зерттеушілерінің еңбектерінде болса қыпшақтар IX ғасырдан бастап белгілі бола бастаған. Себебі 656 жылы Батыс түрік қағанаты құлағаннан кейін Алтай тауының солтүстігі мен Ертіс өзені өңірін жайлаған қыпшақтар Қимақтар қағанатының құрамында болады [3, 26 б]. Қыпшақтар IX ғасырлардан бастап тарих сахынасынан көріне бастаған. XI ғасырдың басында Қимақтар қағанаты ыдырағаннан кейін қыпшақ, куман және кимақ тайпалары мекен еткен террияларда саяси билік қыпшақ хандарының қолына өтеді. С.М. Ақынжанов та XI-XII түркі тайпаларының басына хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасқандығын айтады [4, с. 205]. Сырдың төменгі ағысы мен Арал мен Каспий өңірлерінен оғыздарды ығыстырып, сол кезге дейін «Мафадатул-гуззия» (оғыздар даласы) аталып келген ұланғайыр территорияның «Дешт-и Қыпшақ» деп аталуына себеп болады. XI ғасырдың орталарына қарай Еділ бойымен батысқа қарай қоныс аударған қыпшақтар көп өтпестен-ақ ықпалды күшке айналып, Карпат тауларына дейінгі аралықта билігін жүргізе бастайды.

XI-XII ғасырларда шығысында Алтай мен Ертістен бастап Карпат пен Дунайға дейінгі аса үлкен территорияны мекендеген қыпшақ тайпалары көршілес мемлекеттер мен тайпалық одақтарға ықпал жасап, көптеген мемлекеттердің құрылуына негіз болады. Көптеген тайпалар мен этностық топтар күшейіп келе жатқан қыпшақ тайпаларының атымен атала бастайды. Дегенмен енді ғана біртұтас болып қалыптасып келе жатқан Қыпшақтардың Орта Азиядағы саяси үстемдігі Монғол шапқыншылығына дейін жалғасады. Алғаш рет 1223 жылы Калька өзенінің жағасында монғолдардан жеңілген қыпшақтар, 1238-39 жылдары монғол жасақтарына төтен бере алмай екінші рет жеңіліске ұшырайды. Алайда Шыңғыс хан әскерлері ретінде келіп, Дешт-и қыпшаққа орналасқан түркі-монғол тайпалары (керей, меркіт, найман, уақ, жалайыр, қоңырат, т.б.) мен Жошы хан ұрпақтары жергілікті қыпшақтармен араласып, сіңісіп біртұтас халыққа айналады [5, 41 б]. Монғолдар қыпшақтардың саяси үстемдігін жойып, енді ғана қалыптасып келе жатқан қыпшақ

мемлекетін ыдыратып жібергенімен, қыпшақ тілінің үстемдігін жоя алмады. Қыпшақ тілінің қолдану аясы бұрынғыдан да қарқынды түрде ұлғайып, Мысыр, Сирия және Үнді елдеріне дейін тарайды. Қыпшақ тілі Еуразияның апайтос даласы мен Қап тауының арғы-бергі жағында халықаралық тіл деңгейінде қолданылған. Қыпшақ даласын мекендеген қыпшақ тілдес түркі халықтарының арасына моңғолдардың өздері де сіңісіп кеткендігі турасында сол дәуірде көзі көрген Марко Поло, Гильом Рубрук, Ибн Халдун секілді саяхатшылар өз еңбектерінде жазып қалдырған [6, 1 б].

Моңғол шапқыншылығына ұшырап, шар тарапка босып кеткен қыпшақтардың бір бөлігі XIII ғасырдың басында Египет пен Сирия жеріне жалдамалы әскер ретінде келе бастайды. Бұл жалдамалы әскерлердің арасында қыпшақтармен қатар Хорезм аймағынан қаңлы және қарлұқ тайпаларының да өкілдері болған. Сондай-ақ ол кездерде Анатолияның көптеген қалаларында «Гулам-хана» деп аталатын құлдар мектебі жұмыс істеген. Бұл жерлерде қыпшақ балалары тәрбиеленіп, Мысыр мен Сирияға жіберіліп отырған [2, s. 28]. Бастапқыда әскери қызметтерде болған бұл құлдар, уақыт өте келе маңызды әскери және әкімшілік орындарға отырып, ықпалды күшке айналады. Ақыры 1171 жылы Салих-ад-Дин негізін салған Мысыр, Шам және Месопатамия мен Оңтүстік Аравияда билік жүргізген Әййубиттер мемлекетін Бахрия мәмлүктерінен шыққан Айбек 1250 жылы Мәмлүктер мемлекеті етіп қайта құрады. Араб дереккөздерінде қыпшақ түркілерінің құрған бұл мемлекет «эд-Дәуләтүт-Түркия» деп аталады.

Мәмлүктер этникалық құрамы жағынан әр түрлі елдің өкілдері болғанымен оларды қыпшақ сұлтандары билеп отырған. Мәмлүктер гвардиясында қыпшақтардан басқа өз еркімен жалданып жұмыс істейтін түркімендер, грузиндер, славияндар, түрлі еуропа халықтарының өкілдері де болған. Алайда олардың барлығы бір орталыққа бағынып таза қыпшақ тілінде сөйлейтін болған [7, 9 б]. Мысырға құл болып келген қыпшақтардан осындай дарынды, әрі ықпалды қолбасшылар мен қатар көптеген ғылым және өнер адамдарының, тарихшылардың шығуы мәмлүк жерінде тек түркілердің ғана емес, қыпшақ мәдениетінің, әдебиетінің, тілінің қарыштап дамуына жол ашады. Жоғарыда да көрсеткеніміздей мәмлүк ретінде әскери қыстақтарда бір жерде шоғырланып өмір сүруі олардың өз ана тілдерін ұмытпауына ыңғайлы жағдай туғызады. Олар билік басына келген кезде өзге жергілікті халықтар да қыпшақ тілін үйренулеріне тура келеді. Себебі мәмлүк сұлтандарының көпшілігі араб тілінде оқып жаза алмайтын болған. Тек түркі яғни қыпшақ тілінде сөйлеген [8, s. 34-35]. Тіптен Сұлтан Беркүк заманында бүкіл мемлекеттік іс-қағаздар қыпшақ тілінде жүргізіліп, құқықтық мәселелер осы тілде шешілетін болған [9]. Сондықтан да билік басындағы қыпшақ сұлтандарға арналып қыпшақша арабша, арабша-қыпшақша сөздіктер түзіліп, қыпшақ тілі оқулықтары мен трактаттар жазылған. Шығыстың атақты ақындары Фердаусидің «Шахнамасы», Сағдидің «Гүлістаны» секілді әдеби шығармалар мен бірге көптеген ғылыми және діни трактаттар арнайы қыпшақ тіліне аударылды.

Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған еңбектердің өкінішке орай өте аз бір бөлігі ғана осы күнге дейін келіп жеткен. Дегенмен осы күнге келіп жеткен қыпшақ жазба ескерткіштерінің үлкен бөлігін мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған шығармалар құрайды. Олардың бір қатары ғылыми айналымға еніп, тілдік ерекшеліктері жан-жақты зерттелсе, енді бірілерінің тек аты аталумен ғана шектелуде. Ал енді бір тобы зерттелмек түгілі аты да белгісіз күйде қалуда. Бүгінгі мақаламызда осы күнге келіп жеткен, алайда құлпы ашылмай сырлы болып келе жатқан құнды жәдігерліктерімізді тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктеріне қарай а) *Грамматикалық және лексикографиялық оқулықтар* ә) *әдеби туындылар* б) *діни шығармалар* және в) *соғыс өнері және атбегілік тақырыбындағы шығармалар* деп төрт топқа жіктеп, жалпылама шолу жасауды жөн көріп отырмыз.

а) *Грамматикалық оқулықтар мен сөздіктер.* Жоғарыда да айтып өткеніміздей қыпшақ сұлтандары билік басына келіп, олар тек қыпшақ тілінде сөйлейтін болғандықтан түркі, яғни қыпшақ тілінің беделі артып, мемлекеттік тіл, тіпті профессор Құрышжановтың тілімен айтқанда халықаралық тіл қызметін атқарған тұста, жергілікті арабтар мен өзге де ауып келген халықтар қыпшақ тілін үйренулеріне тура келеді. Сондықтанда мәмлүк жерінде сол дәуірлерде қыпшақша-арабша, арабша-қыпшақша, қыпшақша-парсыша-моңғолша сөздіктер түзіліп, қыпшақ тілін үйрететін түрлі грамматикалық оқулықтар мен трактаттар дүниеге келді. Осы күнге келіп жеткен сөздіктер мен грамматикалық оқулықтар мыналар:

- 1) Булғат ал-Муштак фи Луғати-т-Түрк уа-л-Қыфчак
- 2) Әл-Қауанин әл-Куллия ди-забти әл-луғати-т-туркия

- 3) Китаб әл-идрак ли-лисани-л-әтрак
- 4) Китаб ат-тухфа аз-зәкияфи-лугату-т-туркия
- 5) Китаб-и Межму-и тержұман-и Турки уә Араби уә Моғоли уә Фариси
- 6) Китаб әл-бейлик
- 7) Қауаид-и лисан-и Турки
- 8) Әнуар әл-мудия
- 9) Әш-Шудур-и әдхәлийя уә-л-кита әл-ахмадийя фи-л-лугати-т-туркия
- 10) Әд-Дұррату-л-мудия фи-лугати-т-турия
- 11) Китаб хилияти-л-инсан уа Хулбату-л-лисан

Бұлардың бірқатары (алдыңғы бесеуі) ескі Кеңестік және отандық ғалымдар тарапынан зерттеліп, материалдары ғылыми айналымға түскен болатын. Енді осы күнге дейін қазақ ғылымына беймәлім болып келе жатқан бірнешеуіне қысқаша тоқтала кетейік:

Әд-Дұррату-л-мудия фи-лугати-т-турия. Мәмлүктер кезеңінен келіп жеткен санаулы сөздіктердің бірі. «Түрік тілінің жарқыраған інжуі» деп тәржімаланатын аталмыш сөздіктің авторы, жазылған жері мен уақыты белгісіз. Зайончковский 14 ғасырдың аяғы не 15 ғасырдың бас жағында жазылған болу керек дейді. Ескерткіштің түпнұсқасы Флоренцияның «Medicea Bibliotheca Laurenziana» кітапханасының Orient – 130 нөмерімен сақтаулы. Қолжазбаның көшірмесі Хусрау ибн Абдуллаһтың қолымен жасалғандығын 47 бетке түсірілген арабша мәтіннен оқып білуге болады [2, с. 5]. Қолжазбаның жалпы көлемі 24 парак (48 бет). Үстіңгі қатарға арабша сөздер мен тіркестер қара сиямен, астына түрікше баламалары қызыл сиямен жазылған. Басынан аяғына дейін түгел харака қойылған. Қолжазба 24 бөлімнен тұрады. *Аллаһ, көк, жердегілер, хош иісті өсімдіктер, жеміс-жидектер, ағаштар* т.б. сөздердің лексика-тақырыптық топтарының әрбірі жеке-жеке бөлімді құрайды. Тек 24-ші «Сөз тіркестері» аталатын бөлім тілашар ретінде әзірленгендігімен ерекшеленеді. 220 қысқа сөйлем беріліп олардың мағыналарын түсіндіріп отырған [10, 59]. Ескерткіш түркологияда 1963 жылға дейін жоғалған қолжазбалар қатарында аты аталып келген болатын. Ескерткішті тауып, тұңғыш рет баспаға әзірлеп ғылым әлеміне алып келген атақты поляк түркітанушысы А. Зайончковский болды. Ол «Rocznik Orientalistyczny» журналының 1965-1969 жылдар арасындағы түрлі сандарына ескерткіштің көшірмесін, сөздігін және тілдік ерекшеліктеріне қатысты мақалалар жариялап отырған. Түрік зерттеушісі Р. Топаралы да 2003 жылы еңбек тілінің морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері мен транскрипциясы және сөздігі мен грамматикалық анықтағышын, көшірмесімен қоса жариялаған [11].

Әш-Шудур-и әдхәлийя уә-л-кита әл-ахмадийя фи-л-лугати-т-туркия. XVII ғасырдың басында Мысыр елінде Молла ибн Мухаммед Салихтың қаламынан туған. Көрнекті түркітанушы Ә. Құрышжанов еңбектің атауын "Түрік тілі туралы алтын тізбе" деп тәржімалап, Мысыр жерінде 13 ғасыда "Китаб-и Межму-и тержұман-и Турки уә Араби уә Моғоли уә Фарисимен" (1254 ж) басталған қыпшақ тіліндегі лексикографиялық сөздік жасау дәстүрінің соңғы үлгісі, сондай-ақ жалпы қыпшақ ескерткіштерінің соңғысы осы "Әш-Шудур-и әдхәлийя уә-л-кита әл-ахмадийя фи-л-лугати-т-туркия" екендігін айтады [12, 78 б.]. Стамбул қаласында сақтаулы тұрған еңбектің түпнұсқасын Бесим Аталай 1949 жылы түрік тіліне аударып бастырған. Еңбек "етістіктер, есімдер, морфология, қыпшақ және араб тілдеріне ортақ сөздер және осман түріктерінің тілінен алынған сөйлемдер мен сөз тіркестері" деген бес бөлімнен тұрады.

Бұл аты аталған шығармалардың көпшілігі зерттеліп, ғылыми айналымға түсе қоймаса да, азды-көпті жұмыс жасалған, сақталған жері белгілі еңбектер. Бүгінгі күнге жете қоймаған немесе ғылым дүниесіне әлі күнге беймәлім күйде келе жатқан, алайда сенімді дереккөздерде аты аталып, ондай еңбектердің болғандығы жөнінде мәліметтер жеткен бір қатар грамматикалық, лексикографиялық жадыхаттар да бар:

- 1) Халйу-л-мүлк
- 2) Китаб әл-Әфжал
- 3) Надиру-д-Дәһр ғала мәлики-л-ғаср
- 4) Тухфат әл-мүлк
- 5) Әл-үмдәтү-л-қауийя фи лугати-т-туркия
- 6) Заһиру-л-мүлк фи Наһуи-т-турк

Бұл ескерткіштер жоғалған немесе әлі күнге сақталған жері табылмаған қолжазбалар санатына жатады.

а) *Әдеби туындылар*. Ғалымдар Шахнама, Гүлистан және Қансу Гуридің өлеңдер жинағы секілді осы күнге келіп жеткен әдеби шығармаларға қарай отырып, Мәмлүктер мемлекетінде ол дәуірлерде өте күшті әдеби және ғылыми орталықтың болғандығын алға тартады. Себебі Анатолия мен Алтын Ордадан және Хорезм аймағынан атақты ғалымдар мен әдебиетшілердің Мысырға қоныс аударғаны тарихтан белгілі. Тіпті Сейфи Сарайидің өзі Алтын Орда жерінде туып, әйгілі "Гүлистаның" Мысырда жазғаны белгілі. Бұл мәмлүктер жерінде ғылым мен әдебиетке, мәдениетке өте қатты көңіл бөлінгендігінен болса керек. Алайда олардың бізге өте аз бөлігі ғана келіп жеткен. Әзірге белгілісі мыналар:

- 1) *Китаб Гүлистан би-т-түрки*
- 2) *Китаб Қасайдү-л-Мекке уә-л-Мәдина уә-л-Қудус*
- 3) *Шахнама тәржұмасы*
- 4) *Қансу Гауридің түркіше өлеңдері*

Бұл аталғандардың ішінен тек «Китаб Гүлистан би-т-түркиден» басқа ешқайсысы қазақ тіл білімінде, тіптен ТМД елдерінде әлі күнге зерттеу объектісіне айналмай келеді.

Тәржұма Шахнама. Бүкіл әлемге әйгілі Фердауси Тусидің атақты «Шахнама» дастанының мәмлүк қыпшақтарының тіліне аударылған бұл еңбектің аудармашысы Хусейн Хасан Мухаммед әл-Хорезми. Бұл шығарма «Шахнама» дастанының жалпы түркі халықтары тіліне аударылғандарының алғашқысы, яғни ең ескі нұсқасы болып табылады. Қолжазбаның Ә. Құрышжанов еңбектің аудармашысын, Хусейн Хасан Мухаммед әл-Хорезми, ал аударылған жылын наурыз, 1511 жыл деп көрсетсе [12, 435], А. Зайончковский аудармашының Шәриф Амиди екенін және 1519 жылы аударылғанын айтады [13, с. 68]. Жалпы екі ғалымның да атап отырған аудармашысы бір кісі болса керек. Себебі екеуі де аудармашының Мысырға Сұлтан Джемнің жұмсауымен келгендігін және қолжазбаны Қансух Гури сұлтанға тарту еткендігін жазады. Ал жазылу жылы мәселесіне келсек қолжазбаның Стамбулдың өзінде бірнеше көшірмесі бар секілді.

«Тәржұма-и Шахнама» ескерткішін А. Зайончковский 1965 жылы «Turecrij wersji Şah-name Egiptu Mameluckieogo» (Мамлюктер Египетіндегі Шахнаманың түркіше версиясы) деген атпен басып шығарды [14]. Онда ескерткіштің түпнұсқасының фотокөшірмесі, латын әрпімен жасалған транскрипциясы және «Кіріспе» бөлімінде ескерткіш жайында мағұлматтар мен зерттелу тарихы берілген. Сондай-ақ А. Зайончковскийдің 1964 жылы «Historia isfandiara podlug Turecrij wersji Şah-name Egiptu Mameluckieogo» (Жеті исфандиар станциясы тарихы, Мамлюктер Египетіндегі Шахнаманың түркіше версиясы) деген мақаласы «Rocznik Orientalistyczny» журналында жарық көрді [15, р. 49-90]. Жадыхат осындай ұзынды-қысқалы аз-кем хабарлама мақалалар болмаса әлі тиянақты түрде зерттеу нысанына алынбай келеді.

Китаб Муқаддима және Шахнама секілді классикалық еңбектердің қыпшақ, яғни түркі тілінде жарық көруіне тікелей мұрындық болған мәмлүктер мемлекетінің соңғы сұлтаны Қансу Гаури, көзі ашық көкірегі ояу, мәмлүктер мемлекетіндегі түркі әдебиетінің үлкен қамқоршысы және меценанты болған. Толық аты-жөні *әл-Мәлік әл-Әшіраф Әбу Нәсір Қансуқ әл-Гури*. Алайда ғылыми әдебиеттерде Қансуқ әл-Гури, әл-Гури, әл-Гаури деп әр түрлі аталып жүрсе де, ғалымдар Мысырдың Гаур деп аталатын әскери қалашығына байланысты дұрысы Гаури екендігін алға тартады [16]. Ал Қансу есімі «қаны саф» (таза) тіркесінен фонетикалық өзгеріске ұшырап қалыптасқандығы айтылады. Қансуды заманында Черкез елінен әкеліп, мүмлүк сұлтаны Қайытбайға сатқан. Қатардағы қарапайым құлдардың бірі болған Қансу сатылап Тарсус, Халеп және Малатя қалаларының әкімдігіне, одан әрі мәмлүк сұлтаны дәрежесіне дейін көтерілген.

Өз заманында ғылым мен білімге, мәдениет пен әдебиетке үлкен қамқоршы ғана болып қоймай, өзі де шұғылданған Қансу Гури тарих, аударма және поэзия салалары бойынша ғалымдар мен ақындардың басын қосып, үлкен мәжілістер ұйымдастырған, ғылыми талқылаулар мен айтыс тартыстың бел ортасында жүріп атсалысқан. Өзі де қыпшақ және араб тілдерінде поэзиялық және прозалық еңбектер жазған сұлтан Қансу Гауридің орта ғасырлық жазба деректерде арабша білмейтіндігі, сондықтанда өзі оқу үшін араб және парсы классикалық шығармаларын түркі тілдері тарихында тұңғыш рет қыпшақ тіліне аудартқаны жайында айтылса да [16], бұл шындыққа жанаспайтын сияқты. Абдулуаһаб Аззам оның *Нәфаис әл-мәжалис әс-Султания* және *әл-Кәукәб әд-дурри фи мәсаил әл-Гаури* атты прозалық шығармаларынан үзінділер алып *Мәжалис әс-Султан әл-Гаури* деген атпен жарияланған. Бұл еңбектің екі нұсқасы Түркияның Топкапы сарайы музейінің

кітапханасында сақтаулы [17]. Стамбулдың Ұлттық кітапханасының Али Эмри Араби бөлімінде 4639 номерде тіркелген *Диван Қансу Гаури (Қансу Гаури жинағы)* жинағында, Айа-София кітапханасында сақтаулы *Мәжму Мубарак* жинағында, сондай-ақ Түркияның басқа да кітапханаларында ақынның арабша қыпшақша өлеңдері аралас жинақталған. Мехмед Ялчын Қансу Гауридің өлеңдерін жинақтап, Гарвард университетінде диссертация қорғаса, Кония қаласы Селжүк университеті доценті Орхан Явуздың 2002 жылы «Қансу Гауридің Түркіше Жинағы» атты монографиясы жарық көрген [18]. Онда қолжазба мәтні транскрипциясы, фотокошірмесі берілген және аз-кем тілдік ерекшеліктеріне тоқталған.


Бұлардан өзге тағы бір мәмлүк сұлтаны Қайытбай мен оның ұлы Мұхаммед ибн Қайтбайдың да жыр-шумақтары әлгі қолжазбалар арасында сақтаулы көрінді. Бұлардың кейбірін «*Қайытбайдың түркіше дұғалары*» атпен Абдулкадир Инан жариялаған.

б) Діни сарындағы шығармалар. Мәмлүктер дәуірінен бізге келіп жеткен тарихи жәдігерлердің үлкен бір тобын діни әдебиеттер мен трактаттар құрайды. Себебі мүмлүктер ислам дінін берік ұстанған мұсылман мемлекеті болғандықтан көптеген төл туынды және араб тілінен аударма діни әдебиеттер дүниеге келген. Жалпы мәмлүктер мемлекетінде өмір сүрген қыпшақтар және олардан шыққан сұлтандардың барлығы мұсылман болмаған көрінеді. Кіші Азия мен Орта Азиядан барған мұсылман қыпшақтардан бөлек А. Инан моңғол шапқыншылығы Дешти қыпшақ даласынан көптеген шаманист немесе жартылай шаманист қыпшақтардың Мысырға бассауғалап келіп паналағанын және ал олар өз кезегінде Мысырда қыпшақ тілінің, дала қыпшақтарының әдет-ғұрыптарының сіңісуіне септігін тигізгенін айтады. Сондай-ақ араб лингвистерінің қыпшақ тілін үйрету үшін жазған сөздіктері мен оқулықтарында кездесетін Қырым қыпшақтары мен Алтай шаманист түркілері тіліне тән «табынатын пұт» мәнінде қолданылатын «абақ, чалу, сын», «мазардың күмбезі» мәніндегі «курған» сөздері осы шаманист дала қыпшақтары арқылы кіргендігін алға тартады [19, s. 55.]. Алайда алғашқыда құл, босқын болып келген бұл қыпшақтар Мысырға келген соң ислам дінін қабылдап, кейбірі мәмлүктер мемлекетіне қарасты ірі қалалардың әкімі, тіпті **сұлтандық дәрежесіне дейін көтерілгені** тарихтан белгілі. Мысалы түсіндіретін фикых кітабын Александрия қаласы әкімі Бачманға арнаған болатын. Ал Бачман, кезінде моңғол басқыншыларына қарсы ұзақ жылдар соғысқан, 1236 жылы солардың қолынан қаза тапқан, дала қыпшақтарының атақты қолбасшыларының бірінің есімі болған. Демек сол қыпшақтардың ұрпақтары Мысырға келіп мұсылман болған соң да оның есімін ұмытпай ұрпақтарына беріп отырған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Яғни мәмлүктер жерінде араб тілінде жазылған діни әдебиеттердің көптеп аударылуында осындай мұсылман емес өлкелерден ауып келген қыпшақ тілділерге ислам дінін насихаттап үйрету мақсаты да болған сияқты. Жалпы түркілік діни жәдігерліктерден христиан дінін уағыздайтын «Кодекс Куаникус» ескерткіші қазақ және СНГ ғалымдары тарапынан егжей-тегжейлі қарастырылғаны белгілі. Халқымыздың тілі, тарихы тұрғысынан бұл еңбектің құндылығында дау жоқ. Дегенмен түркілік төл мәдениетіміздің, түркілік ислам дәстүрінің қайнар көзі болып табылатын ислам дінін түсіндіріп насихаттауға арналған осындай жәдігерліктеріміз қазақ ғылымында да, тіптен ТМД елдерінде арнайы зерттеу нысанына алынбақ түгілі мәмлүк қыпшақтарынан қалған ескерткіштер жайында сөз етілген еңбектерде аты да аталмай келеді. Бұлардың арасынан тек «Китаб Мукаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші ғана тұңғыш рет қазіргі әліпбиімізбен транскрипцияланып, қазақ тіліне аударылып, тілдік ерекшеліктері бойынша 2009 жылы кандидаттық диссертация қорғалды. Енді осылардың бірнешеуіне арнайы тоқталып, тіліміздің тарихын, тіл мәдениетін арнайы зерттеу нысанына алып жүрген зерттеушілерімізге аз да болса мәлімет берелік:

Иршадұл Мүлүк уәс-сәлатин мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған діни шығармалар ішіндегі ең көлемділерінің бірі. Қолжазба 56 тараудан және 93 бөлімнен тұрады. Әр бет 8 арабша, 8 түркіше, жалпы 16 жолдан тұратын бұл еңбек, классикалық араб тілінде жазылған діни трактаттың жолма жол аудармасы болып табылады. Еңбектің авторы және аудармашысы жөнінде ешбір мәлімет жоқ. Тек Берке Факих атты қыпшақ ғұламасы Александрияда көшірмесін жасап, сол кездегі қала әкімі Бачманға сыйға тарқаны жөнінде жоғарыда атап өттік. Еңбек мәмлүк сұлтандарына жөн сілтеп, жол көрсету мақсатында жазылған [20, s. 19]. Александрияда дүниеге келген бұл еңбектің жалғыз ғана нұскасы осы күні Стамбулдың Сүлимания кітапханасында 1016 номермен сақтаулы.

Қолжазба бөлімдерін Стамбул университеті әдебиет факультеті студенттері өз ара бөліп алып, диплом жұмысы жазса, Р. Топаралы 1992 жылы еңбек материалдары бойынша докторлық диссертация (PhD) қорғап, сол жылы Түрік тіл қоғамы баспасынан монографиялық зерттеу еңбек ретінде жарияланған [21]. Монгографияда қолжазбаның мәтні, сөздігі және тілдік ерекшеліктері жайында зерттеулері орын алған.

Китаб фил-фыкһ араб тілінде жазылған бір фыкһ кітабының қыпшақша жолма-жол аудармасы. Сонғы кездерге дейін еңбектің атауы да, авторы да, көшірушісі де белгісіз болып



келген еді. Қолжазбаның алғашқы бетіндегі жазуын ғана оқи алған зерттеушілер қолжазбаның атауын Китаб фил-фыкһ, яғни «фыкһ кітабы» деп тіркеген және ғылым әлеміне де осы атаумен белгілі болған. Себебі еңбектің жалпы құрылымын танытатын, еңбектің авторы мен жазылған жері және уақыты жайында мәлімет берілген қолжазбаның соңғы беттері сақталмаған. Алайда соңғы жылдары зерттеу нәтижесінде қолжазбаның атауы *Зияу-л-Манәуия ғала-л-Муқаддимати-л-Ғазнауия*, еңбектің авторының *әш-Шайх әл-Имам әбу-л-Бақа Мухаммед ибн Ахмет ибн әз-Зия әл-Қурәши әл-Ханафи* екендігі анықталған [20, 8-9 б]. Қолжазбаның жалпы көлемі 266 парақ. 140 а бетіне дейін 6 қатар арабша, астына алты қатар қыпшақ тілінде жолма-жол аудармасы жасалса, 140 б беттен соңына дейін 7 жол арабша 7 жол қыпшақ тіліндегі аудармасы берілген. Қолжазбаның мәтін бөлігі түгелдей сақталса да, еңбектің атауы, авторы жазылу уақыты мен орны секілді мәліметтер қамтылған соңғы жағы жоғалған. Қолжазба Ыстанбулдың Сүлеймания кітапханасының Айа-София бөлімінде 1360 манускрипте сақтаулы. Түгелдей діни мазмұнға құрылған бұл еңбек өзге фыкһ еңбектеріндегідей ислам дінінің тірегі болған қағидаларды, яғни парыздарды, уәжіптерді, сүннеттерді жан-жақты талдап түсіндіруге арналған. Намаз оқудың, дәрет алудың шарттары мен әдептерін, ілім үйренудің және онымен амал етудің, зекет берудің, қажылық жасаудың артықшылықтары жөнінде айтылады.

1987 жылы Түркияның Ерзурум қаласындағы Ататүрік университетінің Түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің бір топ бітіруші түлектері дипломдық жұмыс ретінде қолжазба мәтінінің транскрипциясын жасап, индекс сөздігін түзген болатын. Қыпшақ ескерткіштерін зерттеудің маманы Р. Топаралы да 1993 жылы аталмыш университетте ескерткіш тілінің морфологиялық ерекшеліктерін жариялаған. Сондай-ақ Астанадағы Түркі академиясының аға ғылыми қызметкері Е. Қуанышбаев 2006 жылы Түркияның Мармара универстиетінде PhD докторлық диссертация жұмысын қорғаған [20]. Жұмыста сол күнге дейін белгісіз болып келген қолжазбаның авторы, атауы, көшірмешісі анықталып, ескерткіштің жалпы мазмұны, құрылымы және қысқаша тілдік ерекшеліктері сипатталған. Жұмыстың құндылығы ретінде қолжазба мәтінінің толық транскрипциясы мен еңбекте орын алған сөздердің индекс сөздігі түгелдей берілгендігін атауға болады. Дегенмен еңбекті қазіргі қыпшақ тілдері, соның ішінде қазақ тілі, қазақ мәдениеті мен әдебиеті тұрғысынан салыстыра зерттеуде таптырмайтын тарихи құнды дереккөзі екендігін айтуға болады.

Муқаддимату-л-Ғазнауи фил-Ибат. Мүмлүк қыпшақтары дәуірінен қалған діни әдебиеттерге шолу жасалған зерттеу еңбектерінің өзінде бұл еңбектің аты сирек аталады. Көп зерттеушілер жоғарыда сөз болған *Китаб фил-фйкһ* ескерткішімен шатыстырған. Екеуінің бір еңбек екенін алға тартады. *Китаб фил-фйкһ* және *Муқаддимату-л Ғазнауи*-дің зерттеушілері Е. Қуанышбаев пен Й.Т. Демирджи екі еңбекті салыстыра отырып, бұл жәдігерліктердің арабша түпнұсқасының бір екендігін, тек екі түрлі аудармашының қолынан шыққан екі басқа еңбек екендігін анықтаған [20, s. 9., 21, s. 132]. Бұл еңбек те жоғарыда атап өткен жәдігерліктер секілді ислам дінінің Ханафия мәзһабы бойынша ғибадаттың қыр-сырын түсіндіруді негізге алған. Еңбектің авторы ислам жұртшылығына танымал факих ғалым (ислам заңгері) Ғазнауи. Еңбекті қыпшақ тіліне тәржімалаған аудармашысы, көшірушісі белгісіз. Қолжазба 248 парақтан тұрады. Жалғыз ғана нұсқасы осы күні Ыстанбулдың Сүлеймания кітапханасы Рәйсул Куттаб бөлімінде 389 номермен сақтаулы тұрған ескерткіш бойынша Й.Т. Демирджи 1987 жылы магистрлік диссертация деңгейінде жұмыс жасаған. Онда қолжазба мәтінінің транскрипциясы, индекс сөздігі және факсимилесі берілген [22]. Ескерткіш әлі еш жерде жарияланып, тілдік ерекшеліктері жан жақты зерттеліп, қазіргі түркі тілдерінің ешбіріне аударылмаған.

Китаб фил-фйкһ би-лйсан ит-Турки (Түрік тіліндегі фйкһ кітабы). 429 парақтан тұратын бұл көлемді жәдігерлік осы күні Ыстанбул Ұлттық кітапханасында Фейзуллаһ

Ефенди бөлімінде 1046 нөмірде сақтаулы. Зерттеушілер ислами шарият заңдарына қатысты бірнеше фикһ кітаптарынан жинақталғанын алаға тартады. А. Инан қолжазбаның бөлім атауларына қарап екі кітаптан жинақталғанын айтады. Алайда еңбекті зерттеу нысанына алып, 1989 жылы докторлық диссертация қорғаған Мехмет Емин Ағар ескерткіштің тілін, бөлімдерін бір-бірімен салыстыра отырып, бір адамның қолынан шыққан бір ғана еңбек екенін, әлгі атаулар басқа басқа кітаптар емес, бір кітаптың тарауларына берілген атаулар екенін анықтаған [23]. Қолжазбаның жалпы мазмұны ислами шарият заңдарына негізделіп екі үлкен тараудан тұрады. *Китаб ад-Дауа (Сот кітабы)* деп аталатын I тарауда сот процессінің әділ де дұрыс жүргізілуі үшін қажетті алғы шарттар жан-жақты қарастырылса, "Жинаят" (кылмыс) деп аталатын екінші тарауда қылмыстың түрлері және оларға берілетін жаза түрлері қарастырылған. М.Е. Ағар диссертациясында түркі тілінің даму тарихы және бұл үдерісте қыпшақ тілінің, оның ішінде мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған ескерткіштердің алар орны жайында, Мәмлүк қыпшақтары тарихына, түркі қоғамындағы құқық мәселелерін жан-жақты қарастырғанымен ескерткіштің тілдік ерекшеліктеріне арнайы тоқталмаған және қолжазбаның транскрипциясын, индекс сөздігін берумен ғана шектелген. Одан басқа ескерткіш еш жерде толыққанды зерттеу нысанына алынбаған.

Осы аталған діни мазмұнға құрылған ескерткіштерден басқа 249 парақтан тұратын *Коня Йусуф Ағадаки Тержұма фикһ кітабы* Коня қаласы, Юсуф Аға кітапханасында 5409 (7-407) номерде тіркеуде тұрса, *Шәрх ел-Мәнардың* бірнеше нұсқасы Сүлеймания-Лалели-де 757, 792, Кылыч Али Паша-да 31, Нуруосмания-да 1376 және Бурса қаласы Орхан Китаплығы-Хараччыоглу-нда 697 номерде сақтаулы тұр. Бұлар Мысыр жерінде жазылып, кейін Османлылар дәуірінде Түркия жеріне алып келінген жәдігерліктердің осы күнге дейін анықталғандары ғана. Бұлардан басқа да Түркияның, Мысырдың толып жатқан ескі жазбаларды жинақтайтын кітапханаларында тіліміздің тарихы мен әдебиетіміз, мәдениетіміз бен өркениетіміз, дініміз бен діліміз үшін өте құнды жәдігерліктер сырлы сандық іспетті әлі күнге өз зерттеушілерін күтуде.

Мәмлүк қыпшақтары территориясында жазылып осы күнге келіп жеткен ескерткіштердің ендігі бір тобын әскери сарында *жаугершілік, соғыс өнері, атбегілік* тақырыптарында жазылған шығармалар құрайды. Мәмлүктердің әуеліде Мысыр жеріне әскери мақсатта барғандығы, өте батыл да жауынгер болғандығы, тіптен өмір сүрген 250 жылдық ғұмырында мемлекет басшысы "Сұлтандық" титулы сол дәуірдегі өзге елдердегідей атадан балаға мирас ретінде емес, жүрегінің түгі бар, білікті де білекті ең батыл, ең беделді жауынгерлері ғана сұлтандық тағына отыратындығы тарихтан да белгілі. Олай болса соғыс өнері, атбегілік тақырыбында мұндай шығармалардың ол өлкеде көптеп жазылуы да заңды құбылыс. Алайда осы күнге тым аз бөлігі ғана келіп жеткен. Енді осылардың бірнешеуіне қысқаша тоқтала кетейік.

Мүниетүл Гуззат. Еңбек араб тілінен мәмлүк қыпшақтары тіліне аударылған. Еңбектің авторы, аудармашысы және аударылған уақыты белгісіз. Зерттеушілердің шамалауынша 14 ғасырдың соңы немесе 15 ғасырдың алғашқы жартысында жасалған. Жалпы соғыс өнері, жаугершілік тақырыбында жазылған түркі, соның ішінде қыпшақ тілінде жазылған ең ескі қолжазба болуымен, сондай-ақ таза қыпшақ тілінде орындалуымен ерекшеленеді. Себебі мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған өзге ескерткіштерге қарағанда оғыз элементі өте аз көрінеді [24]. Еңбек атқа міну, садақ тарту, семсер сермеп, қалқан қолдану секілді соғыс өнерінің қыр-сырын меңгертуге арналған. Қолжазбаның әзірге белгілі болып отырған жалғыз ғана нұсқасы Топкапы Сарайы музейі кітапханасында 3468 номерде сақтаулы көрінеді. Көшірме 1447 жылы Гази Алтынбоғаның атына жасалған. Әр бетте 9 жол қыпшақша жазу бар. Жалпы көлемі 115 парақ.

А. Инан, Я. Экман, О. Питцак, Т.Х. Кун, Х. Риттер, А. Зайончковский секілді көрнекті түркітанушылар алғаш рет мақалаларында арнайы тоқталып, тілдік ерекшеліктері мен жазылу тарихы жөнінде мәліметтер берген және кейбір бөлімдерін транскрипциялап, түрік және неміс тілдеріне аударып жариялаған. 1967 жылы Мүжган Джунбур қолжазбаның факсимилиесін алғы сөзімен бірге жариялаған. М. Уғурлу 1987 жылы қолжазба мәтінін транскрипциясы мен грамматикалық индексіні монографиялық зерттеу еңбегі ретінде жарияласа [25], О. Юрдагул ескерткіштің тілдік ерекшеліктеріне байланысты 1971 жылы магистрлік диссертация қорғаған [26]. Қ.А. Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің ізденушісі К. Яван бірнеше жылдан бері осы ескерткішті зерттеу нысанына алып арнайы зерттеп жүр. Бірақ диссертациялық деңгейде қорғалған жоқ.

Байрат ел-Уазыһ. Атбегілік және ветиринарлық жөніндегі *Байрат ел-Уазық* та араб тілінен қыпшақ тіліне тәржімаланған аударма еңбектердің бірі. Аударылған уақыты және аудармашысы белгісіз. Зерттеушілердің болжамы бойынша 14 ғасырдың соңына қарай жазылған. Біреуі Стамбулдың Топкапы Сарайы Реван Көшкү кітапханасында, енді бірі Париждің Ұлттық кітапханасында сақталған екі нұсқасы келіп жеткен. Мехмет Емин Ағар 1986 жылы магистрлік диссертация ретінде ескерткіш мәтінінің транскрипциясын және индекс сөздігін жасаса [27], Жан Өзгүр ескерткіш материалдары негізінде 1994 жылы *«Байратұл Вазыһ-тың қыпшақша және түрікменше жазбалары бойынша қыпшақ тілінің түркменшеге айналуы (оғыздануы)»* атты докторлық диссертация қорғаған [28].

Атбегілік және ветиринарлық жөнінде жазылған ескерткіштердің бірі **Китаб ел-Хаил** 14 ғасырдың соңы не 15 ғасырдың басында дүниеге келген. Мұның да Ыстанбулдың Баязит мемлекеттік кітапханасы мен Париж Ұлттық кітапханасында сақтаулы 2 нұсқасы бар. Алдыңғыдан айырмашылығы бұл парсы тілінен аударылған. Қолжазба магистрлік диссертация деңгейінде Түркияда бірнеше жұмыс жазылған. 2002 жылы Жан Өзгүр Париж нұсқасы бойынша *«Китабу-л Хаил (Мемлүк қыпшақ тілінде жазылған алғашқы Түркі ат және атбегілік еңбектің Париж жазбасы)»* атты зерттеу еңбегі жарық көрген [29]. Еңбекте қолжазба мәтінінің транскрипциясы, түрік тіліндегі аудармасы, ескерткіш тіліне жасалған лингвистикалық талдауы және грамматикалық индексі мен факсимилесі берілген.

Китаб фи-Илми-н-Нушаб оқ ату садақ тартудың айла-тәсілін үйретуге арналған соғыс өнері тақырыбында жазылған бұл ескерткіш Махдум Толу Бег үшін араб тілді шығармалардан жинақталып аударылған. Ескерткіште садақ тартып, оқ атудың әдіс-тәсілдері, одан пайда болатын жара түрлері мен оны емдеу жолдары және оқ пен садақтың қандай болу керектігі жан-жақты түсіндіріледі. Осы күнге жәдігерліктің екі нұсқасы келіп жеткен. Бірі Стамбулдың Баязит кітапханасының Велиуддин бөлімінде 3176 номерде тіркелсе, екіншісі Париждің ұлттық кітапханасының Түркі тілді жазбалар бөлімінде 197 номерде сақтаулы. Екі нұсқаның да көшірушісі Хусейн ибн Ахмет әл-Ерзуруми. Париж нұсқасын алғаш рет А. Зайочковский жариялаған болатын. 2002 жылы К. Өзтопчу Стамбул нұсқасын алғаш рет А. Зайочковский жариялайды [30]. Транскрипциясы, тілдік ерекшеліктері, садақ тарту кітабы" деген атпен жариялайды [30]. Транскрипциясы, тілдік ерекшеліктері, сөздігі және түрік тіліндегі аудармасы берілген бұл жұмыс ағылшын және түрік тілдерінде жарияланған. Сондай-ақ 2003 жылы Х.И. Делидже Париж және Стамбул нұсқаларын салыстыра отырып жариялайды. Бұдан бөлек мәтін транскрипциясы, тілдік ерекшеліктері және түрік тіліндегі аудармасы жасалған [31].

Міне тіліміздің тарихи тамырларының бірі саналатын, қыпшақ тілінде, соның ішінде мәмлүк қыпшақтары тілінде орындалып, осы күнге жеткен ескерткіштерді мазмұндарына қарай жинақтап 4 топқа жіктеп беріп отырмыз. Енді ойымызды жинақтай келе мынадай түйін жасауға болатын сияқты. Әуелі, грамматикалық және лексикографиялық ескерткіштер ескі Кеңестік және отандық ғалымдар тарапынан бір сыпыра түрлі аспектілерде зерттелгенін білеміз. Алайда көріп отырғандарыңыздай әлі де сырлы сандық секілді аты да аталмай жүргендері қаншама. М. Қашқариден бастау алған түркі тілдерін салыстыра зерттеу, түркі тілдерінің сөздігін түзу, өзге ұлт өкілдеріне түркі тілін үйрету дәстүрі сол дәуірден соң мәмлүк жерінде жалғасын тапқанын көреміз. Бұлардың жазылу дәуірінің бір-біріне жақындығын, яғни Мәмлүктер мемлекетінің алғашқы кезеңдерін қамтитынын, М. Қашқаридың өзінің атақты *Диуанын* Мысырда аяқтағандың және *Диван Лұғат ит-Түрктің* қазірге жеткен көшірмелерінің бірі Сұлтан Бейбарыс заманында, 1266 жылы Сирияда Мұхаммед ибн Әбу Бәкірдің қолымен жасалғандығын ескерсек бұл ойымызды дәйектей түсетін сияқты. Сондай-ақ Ж. Баласағұнның *Құтатғу Білік* еңбегінің бір нұсқасы Мысырдағы түркі билеушісі Айдемірдің кітапханасынан табылуы Мысыр мен Орта Азия түркілерінің сол дәуірлерде тығыз мәдени қарым-қатынаста болғандығын көрсетеді. Жалпы түркі тілінің бір ғана тарихи дәуірінен, яғни мәмлүк қыпшақтары кезеңінен осыншама лингвистикалық еңбектің келіп жетуі (осы күнге жетпегені, жетсе де белгісіз жатқаны қаншама) ол дәуірде Мысыр жерінде өте күшті түркологиялық мектептің қалыптасқандығын және бұл мектептің негізін салушы М. Қашқари екендігін айтуға болады. Дегенмен бұл әлі ол еңбектерді бір-бірімен салыстыра отырып зерттеуді қажет етеді.

Тағы бір байқалған нәрсе әдеби туындылар мен соғыс өнері және атбегілік тақырыбында жазылған еңбектердің көпшілігі мәмлүктер кезеңінің орта дәуірінде XIV-XV ғасырларда жазылғанын көреміз. Бұл Мысыр жерінде қыпшақ тілінің әбден орнығып, оғыз

тілінің ықпалы барынша азайған кезеңі. *Гүлістан бит-Түрки*, *Байратұл Уазыһ*, *Мүниетұл Гуззат* секілді шығармалардың тілін зерттеуші ғалымдар бұл ескерткіштерде оғыз элементтерінің өте аз екенін, таза қыпшақ тілінде орындалғанын жазады.

Ал діни сарындағы шығармалардың денінің жазылу дәуірі мәмлүктер кезеңінің соңғы дәуірін (XV-XVI ғ.) қамтиды. Бұл біріншіден Мәмлүктер мемлекетінің Османлылармен тікелей саяси және мәдени қарым-қатынастарының әбден шарықтау шегіне жеткен кезеңі болып табылады. Соның салдарынан мәмлүк жерінде әрі лексика, әрі грамматикалық жақтан оғыз тілі элементтері басым бір мәмлүк қыпшақ тілі пайда болып, осы кезеңде жазылған *Китаб Муқаддима*, *Китаб фил-Фикһ* секілді тағы да басқа діни сарындағы шығармаларда оғыз элементі басым болғандықтан бұл ескерткіштер қазіргі ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша *оғыз-қыпшақ* тілді ескерткіштер қатарына жатқызылады.

Қорыта келгенде тіліміздің бүгінгі күйіне қанығып, болашағына дұрыс бағдар жасай білу үшін оның жүріп өткен тарихын білуіміз шарт. Түбі мен тегі тексерілмеген тілдің өрсі биік болмайды, тұғыры берік орнықпайды. Олай болса тіліміз бен дінімізге, әдебиетіміз бен мәдениетімізге тікелей қатысы бар жоғарыда атап өткен мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған ескерткіштер халқымыздың мақтанышы екендігі даусыз. Алайда олармен мақтанып қана қоймай, оларды тауып, материалдарын ғылыми айналымға енгізу және қазіргі қазақ тілімен, салыстыра зерттеу, сондай-ақ оны одан әрі дамыту қазіргі таңдағы маңызды міндеттердің бірі. Себебі тілдің әрбір кезеңінен хабар беретін жазба ескерткіштерінсіз ол тілдің тарихын жасау мүмкін болмақ емес. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде ескерткіштер тіліне негізделген тарихи грамматиканың жоқтығын ескерер болсақ, бұл жәдігерліктердің әрбірінің қаншалықты құнды, әрі оларға қаншалықты мұқтаж екендігімізге көз жеткізер едік. Сондай-ақ араб тілінің қазіргі таңдағы ағылшын тілі іспетті әлемдік мәдениет пен өркениеттің, білім мен ғылымның тілі ретінде дүркіреп тұрған орта ғасырларда сол арабтардың өз отанына барып қыпшақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріп, сол арабтардың өздеріне түркі тілінде еңбек жаздырып, сол тілде сөйлеуге мәжбүр қылған және артқыға өлмес мұра қалдырған ата-бабаларымыздың ерен ерлігі, өз тілінде сөйлеуге қосынатын қандастарымыз бен мемлекеттік тілге шекеден қарайтын отандастарымызға ана тілімізді сүйдіруге, келер ұрпақтың өткен тарихымен мақтанар нағыз отансүйгіш азамат етіп тәрбиелеуге үлгі-өнеге болатындығына кәміл сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Öner M. Bugünkü Kıpçak Türkçesi. Ankara, 1998.
2. Turan S. Kıpçak Türkçesinde Kelime Yapımı ve Çekimi. Yüksek Lisans Tezi. Kayseri, 2006.
3. Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. – Алматы, 2009. – 403 б.
4. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – 294 с.
5. Құрышжанов Ә., Көмеков Б.Е., Дүйсенов С.Ж. Ескі қыпшақ тілі. Алматы, 2007.
6. Керімұлы Ә. Алтынорда аймағында жазылған ескерткіштер. // тілі (XIII-XV ғғ.). – Шымкент, 2005. – 177 б.
7. Боранбаев С. «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» жазба ескерткішінің тілі (XIII-XV ғғ.). – Шымкент, 2005. – 177 б.
8. Ekman J. Memlük Kıpçakçasının Oğuzlaşmasına Dair. Ankara, 1965.
9. Tekindağ M.Ş. Mısır ve Süriyede Kurulmuş Türk Devletleri. Türk Dünyası El Kitabı. Ankara. 1976.
10. Yavan K. Kıpçakça eserler ve üzerinde yapılan çalışmalar // Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары. – Алматы, 2006. – 48-61 бб.
11. Toparalı R. Ed-Dürretü'l-Mudiyye Fi'l-Lügati't-Türkiyye. Türk Dil Kurumu Yayınları: - Ankara, 2003.
12. Құрышжанов Ә. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Алматы, 2011.
13. Zajaczkowski A. Mısır Memlük Devleti'nin Şahname'sinin Türkçe En Eski Şiir Çevrиси (XV-XVI yy). Çeviren: Bingöl N.
14. Zajaczkowski A. Turecricj wersji Şah-name Egiptu Mameluckiego. Varsovie, 1965.
15. Historia isfandiara podlug Turecricj wersji Şah-name Egiptu Mameluckiego // Rocznik Orientalistyczny. N 28.
16. http://tr.wikipedia.org/wiki/Kansu_Gavri
17. <http://www.tarihbilinci.com/forum/hukumdarlar-222/kansu-gavri-13070/>

18. Yavuz O. Kansu Gavri'nin Türkçe Divanı (Metin-İnceleme-Tıpkıbasım). Selçuk Üniversitesi Vakıf Yayınları: Konya, 2002.
19. İnan A. XIII-XV Yüzyıllarda Mısır'da Oğuz-Türkmen ve Kıpçak Lehçeleri //TDAY s. 53-71
20. Kuanişbayev E. Kitab fi'l-Fıkh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım). Doktora Tezi. İstanbul, 2006.
21. Demirci J.T. Memlük Kıpçak Edebiyatına Katkıları. // Türkoloji Dergisi X/I. Ankara Üniversitesi, Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi, Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü. Ankara, 1992. s. 131-142.
22. Demirci J. Muqaddimetü'l-Gazneviyye fi'l-'ibâdât (Ziyâü'l-Ma'neviyye) tercümesi. Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, (Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi). Ankara, 1987.
23. Ağar M.E. Kitab Fi'l-Fıkh Bi-Lisani't-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük). Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. Doktora Tezi: İstanbul, 1989.
24. Eckman J. Memlük Kıpçakçasının Oğuzlaşmasına Dair. // TDAY. Ankara, 1965
25. Uğurlu M. Münyetü'l Güzzat. Kültür Bakanlığı Yayınları. Ankara, 1987.
26. Yurdağül O. Münyetü'l Güzzat Üzerinde Bir Dil Tetkiki. İstanbul, 1971.
27. Ağar M.E. Bayrat'ül Vazih (İnceleme-Metin-İndeks). Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. Basılmamış Yüksek Lisans Tezi. İstanbul, 1986.
28. Özgür C. Bayratü'l Vazih'in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oğuzlaşması (Türkmençeleşmesi Üzerine Bir Dil Araştırması). İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. Basılmamış Doktora Tezi. İstanbul, 1994.
29. Kitabü'l-Hayl (Memlük Kıpçakçası İle Yazılmış İlk Türk At ve Atçılık Eserinin Paris Yazması). İstanbul, 2003.
30. Öztöpcü K. Kitab fi-ilm an-Nuşab, Memlük Kıpçakçasıyla 14 y.y.'da yazılmış Bir Okçuluk Kitabı. Türk Dilleri Araştırmaları Dizisi. İstanbul, 2002.
31. Delice H. İ. Hulasa. Okçuluk ve Atçılık. Hüseyin b. Ahmed el-Erzurumi. Kitabevi: İstanbul, 2003.

Summary

This article narrates on written works of Mamluk Kipchaks, which are preserved in many libraries around the world, but unfortunately still unknown to Kazakh scientists. In this paper the author classifies the ancient works according to their content, place where it was written and time when it was created. In addition, the author describes the influence of the era on the language of the works.